

#ЖаңаҚазақстан

Референдум қорытындысы біздің мемлекеттігіміздің тарихында мүлде жаңа дәуір басталғанын көрсетеді. Халқымыз өз таңдауын білдіру арқылы түбегейлі бетбұрыс жасауға ұмтылысын көрсетті. Жасампаз ел болуға деген ықылас-ынтасын байқатты. Елімізді дамыту үшін әлі де көп жұмыс атқаруымыз керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

#РЕФЕРЕНДУМ2022



БЕТБҰРЫСТЫ ШЕШІМ

3

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ 2022



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҰМЫТ ҚАЛМАУЫ ТИІС

9

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 6 маусымдағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА I компонентпен

1 103 109

II компонентпен

1 084 944

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

7.06.2022

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты, таңертең өткіні жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+27+29 °C

Көшпелі бұлтты, өткіні жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде екпіні 10 м/с

8.06.2022

Түнде:



+16+18 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:

0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №64 (6199) 7 маусым, сейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖАҢА ДӘУІРГЕ ЖОЛ АШЫЛДЫ

Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал ең негізгі мақсаты – азаматтардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 5 маусым күні өткен референдумның қорытындысы бойынша Қазақстан халқына Үндеу жасады

«Біз қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін түбірімен жаңғырта білуіміз керек. Сонда ғана барлық салада түбегейлі өзгеріс жасай аламыз. Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал ең негізгі мақсаты – азаматтардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету. Әрбір азаматымыз саяси өзгерістер мен экономикалық өсімнің жемісін көруі қажет. Құрғақ уәде мен бос сөз ешқайда апармайды. Мен үшін нақты іс пен шынайы өзгеріс бәрінен маңызды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бар күш-жігерімді саламын... Бүгін тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында жаңа дәуірге жол ашылды. Осы жолда бірлігіміз әрдайым бекем болсын!».

2

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ – 30 ЖЫЛ!

ҰЛТ КЕЛБЕТІ ҰЛЫҚТАЛҒАН ҰЛЫ КҮН!

Алматыдағы патриоттық акцияға 500-ден астам адам қатысты



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Биыл – Мемлекеттік рәміздеріміздің қабылданғанына 30 жыл. Күні кеше өткен Мемлекеттік рәміздер күні жоғары деңгейде көрініс тапты. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Елордада Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына арналған Мемлекеттік Ту көтеру салтанатты рәсіміне қатысып, жиынға қатысушыларды атаулы күнмен құттықтап, бұл күннің егемен еліміз үшін айрықша мерейлі әрі маңызды екенін атап өтті.

6-7

ҚЫСҚА...

- Референдумды халық қолдады.
- Халықаралық байқаушылар референдумды оң бағалады.
- Елдегі саяси партиялар референдум қорытындысы бойынша мәлімдеме жасады.
- Қазақстанда полиэтилен өндіретін зауыт салынады.
- Қазақстанда 42 градусқа дейін аптап ыстық болады.
- Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы Ұлытауда өтеді.
- Өңірлерді газдандыруға тағы 50,1 млрд теңге бөлінді.
- АӘК және тұрғын үй көмегін алатын отбасыларға газ бағасы 20% арзан болады.
- Қалада 231 мыңнан астам зейнеткердің зейнетақысы өсті.
- Алматының бірқатар шағынаудандарында суық су болмайды.
- Месси әлемнің ең үздік шабуылшысы атанды.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Сауд Арабиясы Корольдігінің Сыртқы істер министрі Фейсал бен Фархан Әл Саудты қабылдады.

Кездесу барысында саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтас-тықты нығайтуға баса мән бере отырып, Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы қатынастарды дамытудың перспективалары талқыланды. Ауыл шаруашылығы, мұнай химиясы, туризм, тау-кен металлургиясы және қаржы салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін қолайлы инвестициялық мүмкіндіктердің бар екеніне назар аударылды. Фейсал бен Фархан Әл Сауд сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты нығайту-дың перспективаларын егжей-тегжейлі талқылау үшін қазақстандық серіктестермен кездесу ұйымдастыруға Саудия тарапы дайын екенін жеткізді. Бұл жуық арада Қазақстанда жоғары деңгейдегі кездесу өткізу үшін берік негіз болады.

■ СЕНАТ

Сенатта мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту туралы заң жобасы қаралады.

Депутаттар 9 маусым бейсенбі күнгі отырыста бірқа-тар заң жобаларын қарауды жоспарлап отыр. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтанды-ру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен да-мыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қарайтын бол-ды. Сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заң-намалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен то-лықтырулар енгізу туралы» заң жобасына маңыз бермек. Бұл құжат, атап айтқанда, мүгедектікті, еңбек ету қабілеті-нен айырылу дәрежесін белгілеу және төтенше жағдай ке-зеңінде мүгедектік мерзімін автоматты түрде ұзартуда ме-дициналық-әлеуметтік сараптамадан сырттай өту мүмкіндігін беруді көздейді. Сенаторлардың айтуынша, заң жобасы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін дамыту жөнін-дегі мемлекеттік саясатты жетілдіруге мүмкіндік береді.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс Парламенттің заң шығару қызметін үздік насихаттаған журналистерге арналған «Парламент сөзі» сыйлығына үміткерлерден өтінім қабылдайды.

Дәстүрлі түрде қорытындылау және жеңімпаздарды анықтау журналистердің кәсіби мерекесі – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында өтпек. Атаулы сыйлыққа Палатаның заң шығарушылық қызметі жайында 2021 жылдың қыркүйегі мен 2022 жылғы 20 маусым аралығында жарияланған және эфирге шыққан материалдар қабылданады. Жеңімпаздар қазақ және орыс тілдерінде 6 номинация бойынша анықталады. Мәжілістің қызметі туралы үздік телевизиялық, баспа жарияланым, интернет және радиоматериал, сонымен бірге, арнайы репортаж бен фото және бейнесурет материалдар бойын-ша анықталады. Сондай-ақ, парламенттік журналистика-ны дамытуға қосқан үлесі үшін номинациясы мен Парла-менттің төменгі палатасының қызметі туралы үздік жасалған арнайы репортаж атап өтіледі. Жеңімпаздарды құрамында депутаттар бар арнайы комиссия анықтайды. Өтінімдерді 2022 жылдың 20 маусымына дейін Smimazh@parlam.kz электрондық поштасына жіберуге болады. Қо-сымша ақпарат Мәжілістің www.parlam.kz/mazhilis ресми сайтында жарияланған.

■ МЕМЛЕКЕТТІК ХАТШЫ

«Халық президенттік реформаларды қолдайты-нын көрсетті», – деді ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин.

«Конституциялық түзетулер бойынша референдум өтті. Орталық референдум комиссиясы жариялаған алдын ала мәліметтер бойынша азаматтардың референдумға ка-тысуы 68,06%-ды құрады. Осылайша қазақстандықтардың 77,18%-ы Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толық-тыруларды қолдап отыр. Конституциялық реформаға қаты-су көрсеткішінің жоғары нәтижесі қоғамдық тұтастықтың жана деңгейін көрсетіп отыр. Референдум нәтижесі билік пен қоғамның одан әрі даму перспективаларына қатысты түсініктің біртұтастығын көрсетеді. Бұл президенттік ре-формаларды жүзеге асыруда қоғамдық қолдаудың нақты көрінісін білдіреді», деп жазды Е.Қарин.

■ ҮКІМЕТ

Үкіметте Мемлекет басшысының Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарын құруды көздейтін «ҚР әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Іс-шаралар жоспары мынадай шараларды қамтиды: жаңа облыстардың шекараларын белгілеу, орталық мем-лекеттік органдардың аумақтық органдарын құру, орта-лық және жергілікті атқарушы органдардың штат саны-ның лимиттерін бекіту, жаңадан құрылған облыстар арасында бюджет бөлу балансын қабылдау, облыстарды құру шеңберіндегі шығыстарды республикалық бюджетті қалыптастыру мен нақтылау үшін қарауға енгізу және т.б. Жоспардың қабылдануы жаңадан құрылған және қайта ұйымдастырылған облыстарда мемлекеттік органдардың жұмыс істеуі үшін қажетті іс-шаралардың жүзеге асыры-луын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру республикалық бюджеттен қаржылық шығындарды қажет етпейді.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖАҢА ДӘУІРГЕ ЖОЛ АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысының референдум қорытындысы бойынша Қазақстан халқына Үндеуі



(Басы 1-бетте)

Құрметті отандастар!

Кеше елімізде айрықша мәні бар тарихи оқиға болды. Мемлекетіміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Ата Заңымызға ұсынылған өзгеріс-терді азаматтардың басым көпшілігі қолдады. Референдум жоға-ры деңгейде өтті. Мұны халықара-лық және отандық байқаушылар да айтып жатыр. Конституциялық реформалар қоғамда қызу талқыланды. Дауыс беру барысы демократия талаптарына сай өтті. Ешқандай мәжбүрлік болған жоқ. Референдум нәтижесі саяси жаңғырудың анық символына айналды. Азаматтары-мыз зор жауапкершілік танытты және отансүйгіштік қасиетін наи-етті. Біз Жаңа, Әділетті Қазақ-станды құру жолындағы бірлігіміз бекем екенін көрсеттік. Конститу-циялық түзетулер мемле-кеттігіміздің тұғырнамасын түбе-гейлі өзгертеді. Бүкіл қоғамның дамуына тың серпін береді. Референ-думға белсене қатысып, қолдау білдірген барша халқымызға зор риза-шылығымызды білдіремін. Сондай-ақ, конституциялық өзгерістердің мән-маңызын түсіндіруге атсалысқан азаматтарға, түрлі қоғамдық ұйым-дарға алғыс айтамын.

Референдум еліміздің тарихындағы маңызды белес болды. Ұлтымыздың шынайы өзгерістерге деген дайындығы мен ұйымшылдығын көрсетті. Дауыс беруге азаматтарымыздың белсенді қатысуы қоғамымыздың кемелдігі мен жауапкершілігін білдіреді. Сайлау учаскесіне келіп, елімізді жаңғырту бастамасын қолдағандардың бәріне алғыс айтамын.

Сіздер нағыз патриотизмнің үлгісін көрсетіп, Қазақстанның дәйекті дамуы-на зор үлес қостыңыздар. Еліміз үшін осы бетбұрысты сәтте заңды құқықта-рын пайдаланып, өздерінің ұстанымда-рын айтқан бүкіл азаматқа ризашылы-ғымды білдіремін.

Ата Заңға өзгерістер енгізу рефор-маларымыздың соңғы сатысын емес, енді басталғанын білдіреді. Біз елімізді жан-жақты жаңғыртуды жалғастыра-мыз. Жаңартылған Конституция негізінде биліктің барлық институты қызметінің мейлінше тиімді моделін қалыптастырамыз. Олардың арасында-ғы үйлесім мен тепе-теңдік механизмін нығайтамыз. Дәйекті саяси жаңғыру ұлттық экономиканы дамытуға, ұлттық кәсіпкерлікті нығайтуға ықпал етеді.

Енді біздің алдымызда ашық әрі әділетті экономика құрып, заңнамаға реформа жүргізу міндеті тұр. Қолдан жасалған монополияларды түбегейлі жойып, сыбайлас жемқорлыққа тос-қауыл қою маңызды. Біз кәсіпкерлердің бастамаларына қолдау көрсетіп, жеке-

меншікті сақтап, бәсекелестікті күшей-туіміз керек.

Алдымызда экономиканы шынайы әртараптандыру бойынша ауқымды жұмыстар тұр. Жоғары өнімді ауыл шаруашылығы мен қуатты көлік-ло-гистика жүйесін дамыту, барлық салада цифрлық экожүйе қалыптастыру үшін шаралар қабылдау қажет. Еліміздің орнықты дамуының негізгі қозғаушы күші еңбек, білім және азаматтық бел-сенділік болуға тиіс. Тек сонда ғана өзін-өзі қамтамасыз ететін орта тап пен тиімді экономика қалыптастыра ала-мыз. Мұндай экономика кірісті әділетті бөлуге, сапалы жұмыс орнын ашуға, тұрмыс сапасын тұрақты арттыруға және барлық азаматтардың толыққан-ды жетілуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік аппаратты жаңғыр-тып, бюрократиядан барынша арылту үшін жүйелі жұмыс жалғасады. Біз қоғамның барлық өкілдерінің талап-тілектеріне жауап беретін озық мемле-кет құруымыз керек. Басқару жүйесінің тиімділігі жұмыстың барысымен емес, түпкі нәтижемен өлшенетін болады. Мемлекеттік аппарат бизнеспен, үкі-меттік емес ұйымдармен және азамат-тармен тығыз жұмыс істеуге баса назар аударуға тиіс. Сол арқылы ел мүддесіне сай тиімді шешімдер қабылданып, ха-лыққа көрсетілетін қызмет сапасы жақсара түседі. Мемлекеттік қызмет-керлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек.

Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқының ал-дында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз.

Конституциялық реформа бүкіл құқық саласын жаңғыртуға жол ашады. Парламент пен Үкімет Конституцияға енгізілген өзгерістерге сай Заңнамаға тиісті өзгертулер енгізуі қажет. Қазақ-станда тиімді құқық қорғау және сот жүйесін құруға мүмкіндік беретін ре-формалар әзірленуге тиіс. Мұны әлемдік тәжірибені ескере отырып жү-зеге асырған жөн.

Біз қоғамның және бизнес өкіл-дерінің өз құқықтары мен заңды мүдде-лерін қорғауға сұранысы арта түскенін көріп отырмыз. Елімізге азаматтар мен кәсіпкерлерді барынша қорғайтын құ-қық жүйесі қажет. Заңнамада мемле-кетіміздің тұрақты дамуын тежейтін ешбір кедергі қалмауға тиіс. Заман та-лабына сай келмейтін және күмән ту-ғызатын нормалардың бәрі күшін жоюға тиіс.

Еліміздің экономикалық ресурста-рын шағын ғана топтың қолына шоғыр-ландырып, оларға артықшылық берген заңнаманы қайта қарау қажет.

Елден жылыстатылған қаржыны және заңсыз жекешелендірілген актив-терді мемлекеттің иелігіне қайтару жөнінде Мекемеаралық комиссия құ-рылды. Бұл үшін мен арнайы Жарлық-қа қол қойдым.

Біз адам құқығы мен бостандығын қорғау жүйесін кешенді түрде күшей-туге негізделген бағдарымызды жал-ғастыра береміз. Құқықтық реформа аясында Конституциялық сот қайта құрылады. Оның қаулыларына жедел әрекет ету тетігін енгізу қажет. Сонда азаматтарымыз осы аса маңызды ин-ститут қызметінің пайдасын сезіне ала-ды. Жаңа, Әділетті Қазақстанда поли-цейлердің озбырлығына, біліксіз прокурорлар мен біржақты судьяларға жол берілмейді. Қоғам құқық қорғау және сот жүйесінің шын мәнінде өзгер-генін қалайды.

Мен елімізді дамытудың осы және басқа да мәселелері бойынша нақты шешімдерді қыркүйек айында өтетін Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында айтамын.

Қастерлі Тәуелсіздігімізді, ел бірлігін және қоғамдық келісімді ны-ғайту – біздің негізгі міндетіміз. Бұл реформалар құр атақ-абырой үшін қолға алынған жок. Мұның бәрін Жаңа, Әділетті Қазақстан құру үшін жасап жатырмыз. Халқымызда «Кенесіп піш-кен тон келте болмайды» деген сөз бар. Бабаларымыз маңызды мәселені алқа-лы жында шешкен. Мен осы дәстүрді жаңғыртып, Ұлттық құрылтай құру туралы бастама көтердім. Оған қо-ғамның түрлі топ өкілдері, беделді әрі белсенді азаматтар шақырылады. Құ-рылтайдың алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өткізіледі. Осылайша азаматтардың мемлекет ісіне атсалысу мүмкіндігі арта түседі. Шын мәнінде, еліміздің тағдыры – әрқайсымыздың қолымызда.

Біз қоғамдық және жеке құнды-лықтар жүйесін түбірімен жаңғырта білуіміз керек. Сонда ғана барлық салада түбегейлі өзгеріс жасай ала-мыз. Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал ең негізгі максат-ы – азаматтардың бақытты өмір сү-руін қамтамасыз ету. Әрбір азаматы-мыз саяси өзгерістер мен экономикалық өсімнің жемісін көруі қажет. Құрғақ уәде мен бос сөз еш-қайда апармайды. Мен үшін нақты іс пен шынайы өзгеріс бәрінен маңыз-ды. Бұл максатқа қол жеткізу үшін бар күш-жігерімді саламын.

Референдум қорытындысы біздің мемлекеттігіміздің тарихында мүлде жаңа дәуір басталғанын көрсетеді. Халқымыз өз таңдауын білдіру арқылы түбегейлі бетбұрыс жасауға ұмтылы-сын көрсетті. Жасампаз ел болуға де-ген ықылас-ынтасын байқатты.

Елімізді дамыту үшін әлі де көп жұмыс атқаруымыз керек. Бүкіл ел бо-лып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Бүгін тәуелсіз Қазақ-станның даму тарихында жаңа дәуірге жол ашылды. Осы жолда бірлігіміз әр-дайым бекем болсын!

Жаңа Қазақстанды бәріміз бірге өркендетейік, ағайын!



РЕФЕРЕНДУМ2022

БЕТБҰРЫСТЫ ШЕШІМ

Референдумның алдын ала қорытындысы жарияланды

2022 жылғы 5 маусым – еліміз үшін шын мәніндегі тарихи сәт ретінде есте қалды. Бұл күн қазіргі кезеңнің маңызды датасы болып тарих еншісіне енді. Жалпыхалықтық референдумда болған дауыс берудің нәтижесін жаңа бағытқа бет алған қоғам дамуының маңызды қадамы деп айтуға болады. Халқымыз бетбұрысты шешім қабылдады.

Мемлекет басшысы аманаттағандай, «әрбір адам және бүкіл қоғам жаңғыруы қажет. Құндылықтарымыз түбегейлі жаңаруға тиіс. Мұның бәрі – оңай жұмыс емес, біртіндеп қалыптасып, жылдар бойы жалғасатын үдеріс. Бұл жұмыс бізден жоғары жауапкершілікті, елімізге және бір-бірімізге деген жанашырлықты талап етеді. Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда».

Президентіміз еліміздің алдында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашатын Парламенттің рөлін күшейту міндеті тұрғанын айтты. «Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа аламыз», – деді Мемлекет басшысы.

Президент бастамаларынан туындаған бұл реформалар әрбір азаматтың конституциялық құқығы мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етпек. Мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне және құрметіне негізделген жаңа саяси мәдениет қалыптасады. Біз жаңа, әділетті Қазақстанның осындай ел болғанын қалаймыз. Өзгерісті әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек.

Кеше ҚР Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров референдумның алдын ала қорытындысын жариялады.

ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ СИПАТ

Спикер келтірген мәліметтерге сүйенсек, 2022 жылғы 6 маусымда таңғы 08.00-дегі жағдай бойынша еліміздің барлық өңірлеріндегі және шетелдердегі референдумның барлық 10 012 учаскесінде дауыстарды санау аяқталды.

«Конституциялық түзетулер бойынша дауыс беру жалпыхалықтық сипатта болды. Республикалық референдум туралы конституциялық заңның 31-бабына сәйкес, егер дауыс беруге құқығы бар осындай азаматтардың жартысынан астамы қатысса, референдум өткізілді деп есептеледі. Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және елорданың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп саналады», – деді Нұрлан Әбдіров.

Референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны 11 миллион 734 мың 642 адамды құрады. Дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны 7 миллион 986 мың 293 адамды немесе референдумға қатысу құқығы бар азаматтар санының 68,06%-ын құрады.

Референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны еліміздің барлық өңірлерінде дауыс беруге қатысқандардың 77,18 пайызын немесе 6 миллион 163 мың 863 адамды құрады.

Конституциялық түзетулерге қарсы дауыс

ЖАРЛЫҚ

МЕКЕМЕАРАЛЫҚ КОМИССИЯ ҚҰРЫЛДЫ

Шетке заңсыз кеткен қаржы кері қайтарылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен мекемеаралық комиссия құрылды.

«Бас прокурор жетекшілік ететін бұл комиссия Қазақстаннан шетелге заңсыз жылыстатылған қаржыны елге қайтару бойынша кешенді жұмыс жүргізетін болады», делінген Ақораның Баспасөз қызметі жариялаған хабарламада. Мемлекет басшысы комиссия жұмысын жеке өзі бақылайтын болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: AkordaPress).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Берекет КӘРІБАЕВ,
тарих ғылымының докторы, профессор:

ЖАҢА БАҒЫТҚА – МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылдың наурыз айында халыққа жолдаған Жолдауында «Әділетті Қазақстан», «Жаңа Қазақстан» атауларына тоқталып өткен болатын. Күні кешегі референдумда болған дауыс берудің нәтижесін жаңа бағытқа бет алған қоғам дамуының алғашқы маңызды қадамы. Мұндай аса маңызды қадамдар жасау үшін саяси шешім қабылдануы қажет. Ал саяси шешімге негіз болатын – Конституцияға енгізілетін өзгерістер.

Бүгінде бұрынғы суперпрезиденттік деп аталатын билік жүйесінен бас тартып, ықпалды Парламенттік жүйеге көшу жоспарланып отыр. Бұл жүйеге толығымен көшу үшін әрине, алдымен оған заңды құқықтық негіздер қажет екені белгілі. Осы құқықтық негіздер Конституцияға өзгерістер енгізілгеннен кейін заң жүзінде іске асырылады.

Мемлекет басшысы халық алдына шығып жүргенде өзгерістер мұнымен тоқтап қалмайтынын үнемі айтып жүр. Менің ойымша, осы референдумнан кейін біздің саяси жүйемізде, тіпті қоғамдық өмірде көптеген оң өзгерістер болады. Оған мен кәміл сенемін.

Жалпыхалықтық сипат алған референдумда халықтың дауыс беруі «Әділетті Қазақстан» деген бетбұрысты қоғамның қолдауы деп түсіну керек. Өз басым мұны бұрынғы орын алған әділетсіздіктердің көзін жоюға бағытталған қадам деп қабылдаймын. Бұл референдум құқықтық негіз жасап, әділетті Қазақстан құруға жол ашып береді. Бұрынғы құқықтық жүйенің кейбір тұстары еліміздің жаңа серпінмен, жаңа қарқынмен дамуына кедергісін келтіріп отырғаны белгілі болатын. Жарияланған алдын ала дауыс беру нәтижесіне сүйенсек, халықтың 68,44%-ы дауыс берген екен. Бұл дегеніміз – Қазақстан халқының жетпіс пайызға жуығы Президентіміз қабылдаған шешімді қолдайды деген мағынаны білдіреді.

Бұл саяси реформа елді әрі қарай дамыту үшін қажетті шаралардың қисынды жалғасы. Ал реформаның нәтижесі, әрине, оның жүйелі және жемісті түрде жүзеге асырылуына тікелей байланысты болмақ.

берген азаматтардың саны – 18,66 пайыз немесе дауыс беруге қатысқандар санының 1 миллион 490 мың 475 адамын құрайды.

Жауаптардың екі нұсқасы да тандап алынған, яғни жарамды деп танылған, алайда дауыстарды санау кезінде ескерілмейтін бюллетеньдер саны – 1,58%-ды немесе 125 мың 859 бюллетеньді құрады.

Дауыс берушілердің ерік білдіруін анықтау мүмкін болмайтын және жарамсыз деп танылған, белгіленбеген үлгідегі бюллетеньдер саны 2,58%-ды немесе 206 мың 096 бюллетеньді құрады.

ҚР Сыртқы істер министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, шетелдердегі 65 сайлау учаскесінде отандастарымыздың дауыс беру нәтижесі 72,95%-ды құрады.

Республикалық референдумның қорытындылары Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясының отырысында белгіленетін болады.

КЕЛУ ТУРАЛЫ АЛДЫН АЛА ДЕРЕКТЕР
ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ ДАННЫЕ О ЯВКЕ
PRELIMINARY TURNOUT DATA5 МАУСЫМ
ИЮНЬ
JUNE 2022САҒАТ
TIME 22:00 ЧАСА
O'CLOCKАқмола облысы
Akmola Region 73,81%Қостанай облысы
Kostanay Region 72,28%Ақтөбе облысы
Aktobe Region 58,06%Қызылорда облысы
Kyzylorda Region 79,89%Алматы облысы
Almaty Region 72,83%Маңғыстау облысы
Mangystau Region 61,19%Атырау облысы
Atyrau Region 67,68%Павлодар облысы
Pavlodar Region 75,53%Батыс Қазақстан облысы
West Kazakhstan Region 69,37%Солтүстік Қазақстан облысы
North Kazakhstan Region 75,49%Жамбыл облысы
Zhambyl Region 69,59%Түркістан облысы
Turkistan Region 80,66%Қарағанды облысы
Karagandy Region 77,39%Шығыс Қазақстан облысы
East Kazakhstan Region 77,49%Нұр-Сұлтан қ.
Nur-Sultan city 57,06%Алматы қ.
Almaty city 33,30%Шымкент қ.
Shymkent city 72,53%Референдумға қатысушылар
Участников референдума
Referendum participants 11 734 642Қатысты
Приняло участие
Participated 8 030 739Алдын ала келу
Предварительная явка
Preliminary turnout 68,44%

дағы 17 сайлау учаскесінде дауыс беру басталды. Референдумда дауыс берген алғашқы қазақстандық – Токио қаласындағы жақында 18 жасқа толған жас сайлаушы Алижан Салиев.

Алматы қаласының өзінде 500-ге жуық сайлау учаскелері құрылды. Алғашқылардың қатарында қала әкімі Ерболат Досаев отбасымен дауыс берді. Еліміздің белгілі қоғам қайраткерлері, өнер адамдары, спортшылар қатарында біз де референдумға қолдау білдіріп, өз тандауымызды жасадық.

АЛМАТЫЛЫҚ ҚОҒАМ
ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ДАУЫС БЕРДІ

Референдумды қолдап, дауыс берген Алматы қаласы мәслихатының депутаты Михаил Грачев оның еліміз үшін тағдыршешті болатынын атап өтті.

«Елімізде өтетін әр сайлауда мен дамыған демократиялық қоғам құру және еліміздің болашағын айқындау жолындағы азаматтық парызымыз орындау үшін алғашқылардың бірі болып сайлау учаскесіне келіп, өз дауысымызды беремін», – деді депутат.

Өз кезегінде «Тұран» университетінің ректоры, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Рахман Алшанов елімізде елеулі өзгерістер болып жатқанын және референдум соған дәлел екенін атап өтті. «Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстан құру туралы бастама көтерді. Біздің халқымыз дана, түсінігі мол – әркімнің айқын өзіндік ойы, позициясы бар. 30 жыл ішінде қоғамда жаңа ойлар мен идеялар өрбіді. Бүгінде елімізге өзгерістер қажет – бұл қоғамның талабы. Бұл төңіректе бұған дейін көптеген пікірлер айтылып жүрді, кездесулерде әр салалардағы адамдардың ой-пайымдары белгілі болды. Сондықтан Қазақстан халқы бұл күнді күтті. Мен еліміздің болашағы үшін өз дауысымызды бердім», – деді спикер.

Сайлау учаскесіне мәслихат депутаты Ерболат Қасымов та дауыс беруге келді, ол елдің болашағы үшін тандау жасауды өзінің азаматтық парызы деп біледі.

Алматы қаласы мәслихатының депутаты Рахат Шимашева да өзінің белсенді азаматтық ұстанымын білдірді. «Мен біздің еліміз жақсарып, жаңа деңгейге көтерілетініне сенемін», – деп қорытындылады ол.

Динара МҰРАТ,
Ақтөлкын ТҮРЛЫҒАЗЫ.

МӘЛІМДЕМЕ

«БҮЛ – БАРЛЫҚ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЖЕҢІСІ»

Елдегі саяси партиялар референдум қорытындысы бойынша мәлімдеме жасады.

«Ақ жол» демократиялық партиясы Республика Конституциясына өзгертулер енгізу бойынша өткен референдум ашық әрі демократиялық үрдістердің сақталуымен өтті деп есептейді.

«Референдум қорытындысы талассыз әрі Қазақстан халқының күшті Президент, ықпалды Парламент пен есеп беретін Үкіметі бар мемлекетті басқарудың жаңа моделін құру бағытын қолдайтынын айғақтайды», деп мәлімдеді партия көшбасшысы Азат Перуашев.

«Ауыл» партиясының төрағасы Әли Бектаевтың мәлімдеуінше, референдум тағайындалған алғашқы күн-

нен бастап партия мүшелері Президенттің бастамаларына қолдау білдіріп, Конституциялық өзгерістердің мазмұнын талқылау ісіне белсене араласқан.

Қазақстан Халық партиясы атынан мәлімдеме жасаған саяси ұйымның төрағасы Ермұхамет Ертісбаев «нәтижеге ризамыз және бұл – барлық қазақстандықтардың жеңісі деп санаймыз! Қазақстандықтар іс жүзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа зор сенім білдірді», деп тұжырымдаған. Қазақстан Халық партиясының өкілдері референдумнан кейін қазақстандықтардың алдында тұрған басты міндет – Конституцияның қабылданған нормасын заңнамалық және тәжірибелік тұрғыда іске асыру деп есептейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: Egemen.kz.)



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖЫЛУ ҚҰБЫРЛАРЫ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Алматының 5 ауданында құбыр ауыстыру жұмыстары басталды



Биыл Алматыда ұзындығы 8 шақырым жылу құбырлары жаңартылады. Сондай-ақ, қаланың 3-тен бір бөлігін жылумен қамтамасыз етіп отырған қазандықтар да жөндеуден өтеді.



Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жаз мезгілі – жылу жүйелерін ауыстыру мен оларға күрделі жөндеу жүргізу қарқын алатын уақыт. Биыл да бұл шаруа жоспарға сәйкес атқарылып жатыр. Қазір қаланың 5 ауданында құбыр ауыстыру жұмыстары басталды. Сала мамандарының айтуынша, соңғы 30 жылдан бері жөндеу көрмеген құбырлар бар көрінеді. Міне, жылу желілерінде жиі ақау шығуының себебі

осындай әбден тозығы жеткен желілерде орын алады дейді мамандар.

«Жөндеу жұмыстары кезінде тұрғындар ыстық судан ажыратылмайды. Ол үшін мердігер компаниялардың көмегімен арнайы құрылғы арқылы су қосып береміз. Мәселен, құрылыс жұмыстары жүріп жатқан аудандарда аурухана мен мектеп, балабақша сынды әлеуметтік нысандар бар. Бастысы, осы ғимараттар назарға алынады», – деді «Алматы жылу жүйелері» ЖШС-нің басқарма бастығы Саят Жыңғылбаев.

Мамандардың айтуынша, ауысты-

● КЕРЕК ДЕРЕК

Алматыда:

- 1 млн 260 мың үй орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған.
- 634 мыңға жуығы жеке қазандықтың көмегімен үйлерін жылытады.
- 1900 отбасы пеш пайдаланады.

рылып жатқан диаметрі 530 болатын мына құбырлар 30 жылға дейін жарамды. Сонымен қатар, жылыту маусымы кезінде апатты жағдайлардың азаюына да септеседі.

Одан бөлек, Алматыдағы қазандықтар да қала тұрғындары үшін аса маңызды. Себебі, мегаполис жұртының 70 пайызы жылу электр стансасын пайдаланса, қалған 30 пайызына жылу осы қазандық арқылы беріледі. Қалада оның 84-і бар. Қазір оларға да күрделі жөндеу басталған.

«Биыл 3 қазандыққа жергілікті бюджет есебінен жөндеу жүргізіледі. Ауқымды жұмыс нәтижесінде олардың қуаты артып, жұмыс істеу қарқыны күшейеді. Мәселен, бұған дейін сағатына 45 гигакалория өндіретін құрылғылар 2 есеге дейін артып, 90 гигакалория өндіретін болады», – деді «Алматы жылу коммунэнерго» ЖШС бас инженерінің орынбасары Павел Леденцов.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ



ЖОЛ УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ

Саин – Шалыпин көшелері қиылысындағы жолайрықтың батыс бөлігі 6 маусымда сағат 22.00 мен 7.00-ге дейін ішінара, ал 7 маусымда сағат 22.00-ге дейін, 8 маусымда сағат 06.00 аралығында жолдарға жаңа жабындыны төсеу үшін толық жабылады.

Аталған жұмыстар орташа жол жөндеу жұмыстары аясында жоспарланған. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініміз және жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз.

СУЫҚ СУ ТОҚТАТЫЛАДЫ

Алматы қаласының бірқатар шағынаудандары бір күнге суық судан ажыратылады.



8 маусымда түнгі сағат түнгі 01.00-ден сағат 22.00-ге дейін «Ақсай-4», «Ақсай-5», «Достық», «Жетісу-1», «Жетісу-2», «Жетісу-3», «Жетісу-4», «Мамыр-1», «Мамыр-2», «Мамыр-4», «Мамыр-5», «Мамыр-6», «Мамыр-7» шағынаудандарының аумақтарында орналасқан тұрғын үйлерге және өзге де ғимараттарға суық су беру тоқтатылады. Алматы қаласы

Әуезов ауданын сумен қамтамасыз ету желілеріндегі технологиялық құрылғыларды ауыстыру мақсатында, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу үшін суық сумен жабдықтау қызметі бойынша уақытша шектеулер енгізіледі.

Уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұраймыз.

Анықтама телефоны: 274-66-66.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК БАҒЫТЫ УАҚЫТША ӨЗГЕРЕДІ

Төле би көшесіндегі жылу желілерін реконструкциялауға байланысты (Қонаев көшесінен Достық даңғылына дейін) 7 маусымнан бастап келесі бағыттардың қозғалыс сызбалары уақытша өзгертін болады:

№118 – шығыс бағытта – Төле би к-сі – Қонаев к-сі – Қазыбек би к-сі – Қалдаяқов к-сі – әрі қарай сызба бойынша. Батысқа қарай – Қалдаяқов к-сі – Қазыбек би к-сі – Қонаев к-сі – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша;

№201 – шығыс бағытта – Төле би к-сі – Қонаев к-сі – Қазыбек би к-сі – Достық даңғ. – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша. Батыс бағытта – Төле би к-сі – Достық даңғ. – Қазыбек би к-сі – Қонаев к-сі – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша;

№205 – шығыс бағытта – Төле би к-сі – Қонаев к-сі – Қазыбек би к-сі – Достық даңғ. – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша. Батыс бағытта – Төле би к-сі – Қонаев к-сі – Қазыбек би к-сі – әрі қарай сызба бойынша;

би к-сі – Достық даңғ. – Қазыбек би к-сі – Қонаев к-сі – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша;

№206 – шығыс бағытта – Төле би к-сі – Қонаев к-сі – Қазыбек би к-сі – Достық даңғ. – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша. Батыс бағытта – Төле би к-сі – Достық даңғ. – Қазыбек би к-сі – Қонаев к-сі – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша;

№209 – шығыс бағытта – Төле би к-сі – Қонаев к-сі – Қазыбек би к-сі – Достық даңғ. – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша. Батыс бағытта – Төле би к-сі – Достық даңғ. – Қазыбек би к-сі – Қонаев к-сі – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша;

№210 – шығыс бағытта – Төле би к-сі – Қонаев к-сі – Қазыбек би к-сі – Достық даңғ. – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша. Батыс бағытта – Төле би к-сі – Достық даңғ. – Қазыбек би к-сі – Қонаев к-сі – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша;

№224 – шығыс бағытта – Төле би к-сі – Қонаев к-сі – Қазыбек би к-сі – Достық даңғ. – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша;

схема бойынша. Батыс бағытта – Төле би к-сі – Достық даңғ. – Қазыбек би к-сі – Қонаев к-сі – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша;

№37 – шығыс бағытта – Төле би к-сі – Қонаев к-сі – Қазыбек би к-сі – Достық даңғ. – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша. Батыс бағытта – Төле би к-сі – Достық даңғ. – Қазыбек би к-сі – Қонаев к-сі – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша;

№48 – шығыс бағытта – Төле би к-сі – Қонаев к-сі – Қазыбек би к-сі – Достық даңғ. – әрі қарай сызба бойынша. Батыс бағытта – Достық даңғ. – к-сі Бөгенбай батыр – көш. Қонаев к-сі – Төле би к-сі – әрі қарай сызба бойынша;

№66 – солтүстік бағытта – Достық даңғ. – Бөгенбай батыр к-сі. – Қонаев – әрі қарай сызба бойынша. Оңтүстік бағытта – Қалдаяқов к-сі – Бөгенбай батыр к-сі – Достық даңғ. – әрі қарай сызба бойынша.

Уақытша келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініміз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматы халықаралық әуежайы терминалының құрылысына салынған инвестицияның жалпы көлемі **200 млн \$-ды** құрайды.



Шаһарда **231 мыңнан** астам зейнеткердің зейнетақысы өсті.



Қаланың барлық жалпы білім беретін мекемелерінде «Қауіпсіз су» тақырыбында **93 000** мектеп оқушыларын қамтыған ашық сабақтар, сынып сағаттары, байқаулар өткізілді.



Мегаполисте **3500-ге** жуық қоғамдық тамақтандыру орындары бар.



Алматылықтардың **98,5%-ы** орталықтандырылған су жүйесіне қосылған.



Алматы метросы күніне **85 мыңға жуық** жолаушы тасымалдайды.

штекеулі балалардың қоғамның назарында екеніне тоқталып, қолға алынып жатқан жобалар туралы баяндады. Кешке арнайы шақырылған өнер иелері ән шырқап, балалардың көңілін көтерді. Барлық балаға арнайы сыйлықтар таратылды. Қамқөңіл балаларының қуанышын көрген ата-аналарды да жүзіне қан жүгіріп, риза көңілдерін білдіріп жатты. Жетісу ауданының әлеуметтік әл-ауқат бөлімі «Мүгедек балалар және психоневрологиялық ауытқулары бар 18 жастан асқан мүгедектерге үйде әлеуметтік көмек көрсету» бөлімшесінің басшысы Маржан Төлеуқызы қайырымдылық шарасына қолдау көрсеткен «Дубай» мейрамханасына ризашылығын білдірді.

МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕРГЕ
30 ЖЫЛ

ҰЛТ КЕЛБЕТІ



ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТІҢ СИМВОЛЫ

Қастерлі де қасиетті Тәуелсіздігіміздің рәміздері қабылданғанына биыл 30 жыл толып отыр. Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына арналған Мемлекеттік ту көтеру салтанатты рәсіміне қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, бұл датаның егемен еліміз үшін айрықша мерейлі әрі маңызды екенін атап өтті.

● ПРЕЗИДЕНТТІҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН:

- Қасиетті нышандарымызда қазақтың мың жылдық арман-тілегі, мақсат-мұраты түгел тоғысқан. Ту халқымыз үшін қашан да ерлік пен елдіктің символы саналған. Көк түріктер заманында бабаларымыз бөрілі байрақтың төңірегіне топтасты.
- Қазақ хандығының туы бүкіл ұлтты ұйыстырды, ел бірлігін бекемдеді. Ал өткен ғасырда арыстарымыз «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз!» деп халыққа жігер берді. Көне дәуірден мирас болған осы дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге жетті.
- Қазақ елінің көгінде Ұлы даланың айбынын асырған Тәуелсіздік туы желбіреді. Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі.
- Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі.
- Әнұранымыз – еркіндік пен елдіктің үні. Тәуелсіздіктің осы үш символы халқымызға ерекше рух береді. Әрқайсымыздың кеудемізге мақтаныш ұялатады. Өйткені, бұл – бабаларымыздың орындалған арманы.
- Мемлекеттік рәміздер елдігіміздің жарқын көрінісі, халқымыздың мақтанышы және абыройы. Қазақстанның Туы, Елтаңбасы мен Әнұраны ұлтымыздың азаттыққа, өркендеуге және жасампаздыққа деген табанды ұмтылысын білдіреді. Сонымен қатар, баршамызды мызғымас бірлікке ұйыстырып, әрбір азаматты Отан үшін күнделікті қажырлы еңбек етуге және үлкен жетістіктерге үндейді.
- Көк Туымызды салтанатты түрде көтеріп,

ата-бабаларымыздың даңқты дәстүрін жалғастырамыз. Желбіреген туымыз Тәуелсіздік мұраттарына адал болуға шақырып, ерекше жігер береді.

- Мемлекеттік рәміздерімізді мазақ етуге, қорлауға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Мұндай әрекеттерге барғандарды қатан жазалаған жөн. Біртұтас халық ретінде ұйыса отырып, біз кез келген қиындықты бірге жеңіп, әділетті, тиімді мемлекет құра аламыз.
- Туған елдің тыныштығы мен тұтастығын қорғау – әр азаматтың қасиетті борышы. Тәуелсіздік туын биік ұстау – Отан күзетінде тұрған әрбір ұланның абыройлы міндеті. Ерлік істер осындай патриоттық сезімнен бастау алады.

Президент еліміздің басты құндылықтарын құрметтеу – бәріміздің перзенттік парызымыз екеніне назар аударып, оған немқұрайлы қарайтындарға, қадір-қасиетін түсіретіндерге біржола тосқауыл қою қажеттігін айтты.

«Мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі жөніндегі заңнаманы күшейту маңызды. Сонымен бірге, жастармен жан-жақты түсіндіру жұмысын жүргізген жөн. Бұл – бүкіл қоғамның міндеті. Осы орайда, бүгінгі салтанатты іс-шараның тәрбиелік мәні өте зор. Ту көтеру – аса маңызды оқиғаларға орай жасалатын ерекше рәсім. Халқымыз тарихи таңдауын жасайтын сәтте алып байрағымыздың көкте желбіреуін жақсы ырымға балаймыз».

Алматыда 4 маусым күні мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына арналған концерт өтті. Жауын-шашынды ауа райына қарамастан ашық аспан астында өткен мерекелік концертте патриоттық әндер шырқалып, жиналған көрермен ерекше әсер алып қайтты.

ӘННІҢ ТӨРЕСІ –
ӘНҰРАНАйнұр
НҮРСАБЕТ

Мемлекеттік рәміздер күні – еліміз үшін айтулы мереке. Алматыдағы салтанатты кештің шымылдығы еліміздің Әнұранымен ашылды. Әнұранды еліміздің белгілі әншілерімен бірге алматылықтар мен қала қонақтары қосылып шырқап, қала мен даланы рухты әнге бөледі. Оң қолдарын жүрек тұсына қойып, Әнұранды барлық ынта-шынтымен шырқап тұрған балалар мен жастарды, үлкендерді,

барша халықты көргенде кез келген адамның жүрегі шымырлап, көзге еріксіз жас келеді.

Алматыдағы Республика сарайының алдындағы сахна да мерекеге орай ерекше безендіріліп, үлкен экрандарда Қазақстанның Көк Туы желбіреп тұрды. Алатаудың бауырындағы әсем қалада өткен әсерлі концертте атақты эстрада жұлдыздары Жұбаныш Жексенұлы, Мейрамбек Беспаев, Ғазизхан Шекербеков, Мөлдір Әуелбекова, Луина секілді әншілер және «Ұлытау» тобы өнер көрсетті.



ҰЛЫҚТАЛҒАН ҰЛЫ КҮН!



АЛМАТЫ ХАЛҚЫ ӘНҰРАНДЫ БІР МЕЗЕТТЕ БІРГЕ ОРЫНДАДЫ

Мерекелік шараға шаһар басшысы Ерболат Досаев қатысты



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

(Басы 1-бетте)

– Қасиетті нышандарымызда қазақтың мың жылдық арман-тілегі, мақсат-мұраты түгел тоғысқан. Ту халқымыз үшін қашан да ерлік пен елдіктің символы саналған. Көк түріктер заманында бабаларымыз бөрілі байрақтың төңірегіне топтасты. Қазақ хандығының туы бүкіл ұлтты ұйыстырды, ел бірлігін бекемдеді. Ал өткен ғасырда арыстарымыз «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз!» деп халыққа жігер берді.

Көне дәуірден мирас болған осы дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге жетті. Қазақ елінің көгінде Ұлы даланың айбынын асырған Тәуелсіздік туы желбіреді. Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі. Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі. Ал Әнұранымыз – еркіндік пен елдіктің үні. Тәуелсіздіктің осы үш символы халқымызға ерекше рух береді. Әрқайсымыздың кеудемізге мақтаныш ұялатады. Өйткені, бұл – бабаларымыздың орындалған арманы, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл күні таңертең Елорда аспанында салтанатпен Көк байрағымыз көкке көтерілген сәтте бүкіл Қазақстан Әнұранды қосылып шырқады. Яғни кім қайда, көлікте немесе көшеде кетіп бара жатса да, тұра қалып, оң қолын кеуделеріне қойып, жас та, кәрі де Әнұранды орындады.

Бұл күні осынау салтанатты іс-шарадан мың бояулы Алматының жұртшылығы да тыс қалған жоқ. Мемлекеттік рәміздер күні «Абай» алаңында Республика сарайының алдында Әнұранды бір мезгілде орындау акциясына Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысып, қала тұрғындарымен бірге мемлекеттік Әнұран-

ды орындады. Патриоттық акцияға 500-ден астам адам қатысты, оның ішінде мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері мен жастар да көп болды.

Иә, бұл күні көпәтерлі тұрғын үйлердің, әкімшілік ғимараттардың, мәдениет және спорт нысандарының балкондарына мемлекеттік Тулар ілінді. Әнұран қала бойынша саябақтарда, скверлерде, мектептерде, ірі сауда-ойын-сауық орталықтарында және басқа да қоғамдық-мәдени орындарда орындалды.

Бұл салтанатты іс-шараның тәрбиелік мәні өте зор. Ту көте-

ру – аса маңызды оқиғаларға орай жасалатын ерекше рәсім. Көк Байрағымыздың көкте желбіреуі кішкентай өрендердің жүрегіне отаншылық дәнін себетіні ақиқат.

Патриоттық акциялар мен салтанатты іс-шаралар қала бойынша жоғары деңгейде өтті. Мемлекеттік рәміздер күнінің негізгі идеясы – патриотизм мен ұлт бірлігін нығайту, Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары мен жетістіктерін насихаттау. Сондықтан Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығы бір күнмен емес, жыл бойы өрнектеледі.



«Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі. Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі. Ал Әнұранымыз – еркіндік пен елдіктің үні. Тәуелсіздіктің осы үш символы халқымызға ерекше рух береді. Әрқайсымыздың кеудемізге мақтаныш ұялатады. Өйткені, бұл – бабаларымыздың орындалған арманы».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Мемлекеттік рәміздерге биыл 30 жыл. Қасиетті нышандарды қастерлеу мен өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында Алматыда өткен мәдени іс-шаралардың бірі – 40 шабандоз қатысқан велошеру болды. Бауыржан Момышұлы көшесімен жүріп өткен әуесқойлар көпшіліктің көңілін өздеріне аударта қаны анық. Бұл көрініске жұртшылық сүйсіне қарап, Көк Туды желбіреткен қатысушыларға ойланбастан қол шапалақтап, қолдау білдіріп жатты.

ҚЫРЫҚ ШАБАНДОЗ қатысқан велошеру



Мәдени шараға қатысушыларға арнайы мақтау қағаздарын табыстаған ұйымдастырушылар мұндай іс-шара дәстүрлі түрде өткізіліп тұратынын айтады.

«Еліміз үшін аса маңызды – күн! Осыған орай, мегаполисте велошеру өткізуді жөн көрдік. Іс-шараға Алматы қаласы бойынша 8 ауданнан 5 ұстаз қатысты», – деді «Ұстаз» қалалық жергілікті кәсіподағының төрағасы Серікжан Байғұтдинов.

КӨК ТУ ЖЕЛБІРЕТКЕН КӨЛІКТЕР жүрекке жылу ұялатты

Алматының Наурызбай ауданында мерекелік көңіл күйді сездіретін ерекше шара өтті. Абай даңғылының бойымен жүріп өткен автошеруге 60 ту ұстаған 90 адам жұмылдырылды. Мемлекеттік рәміздерге 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған шеруге 30 автокөлік қатысты.



«Наурызбай ауданы әкімшілігінің қолдауымен өз рәміздерімізді құрметтеу мақсатында автошеру жасап отырмыз. Бұл – біздің жыл сайынғы дәстүрлі іс-шарамыз. Рәміздеріміз соңғы кезде көрінгеннің ойыншығына айналып бара жатқанын байқап жүрміз. Біз түбегейлі қарсымыз», – деді автошеруге қатысушы Рауан Тоқтарбай.

Аудан тұрғындары үшін де мерекелік шара «Премьера» тұрғын үй кешеніндегі патриоттық әндердің орындалуымен жалғасты. Үйлерінің балкондарына 140-тан аса ту ілген алматылықтар хормен ән айтты.

«Біз Наурызбай ауданының әкімшілігіне жылда мереке ұйымдастырамыз. Туларды іліп, музыка қойып, патриоттық рухымызды көтереміз. Мәңгілік елдің аспанында Көк Туымыз желбірей берсін!», – деді зейнеткер Гүлнәр Атамұратова.



А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150

ҰЛТ ҰСТАЗЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Биыл Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Осынау мерейтой аясында қаламыздағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №139 мектеп-гимназия ұжымы «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмінде Ахметті сомдаған әнші, актер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Байғали Есенәлиевпен кездесті. Театр сахнасында ұзақ жыл еңбек етіп, кемеліне келген актер жұртшылыққа осынау жылдар ішінде 35-ке жуық рөлді сомдаған екен. Танымал актер «Шәкәрім», «Сүйінбай» және «Жаужүрек мың бала» фильмдері арқылы да жақсы таныс.

Рая
ЕСКЕНДІР

Өткен жылы Қазақ киносы да, қалың көрермен де құнды қазынаға кенеліп, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының бейнесімен қауышқан еді. Басты кейіпкерді сомдаған танымал талантпен кездесуде оқушылар мен мектеп ұжымы фильмді түсіру барысындағы кездескен көрерменге беймәлім сәттер мен басқа да оқиғалар туралы да жан-жақты құлағдар болды.

– Біздің мемлекетімізді қалыптастыру жолында зор еңбек сіңірген тарихи тұлғаларымыздың өмірі әлі де толық зерттелген жоқ. Тарих бетінде ақтаңдақтар өте көп. Мәселен, Сәкен Сейфуллин, Шоқан Уәлиханов туралы фильмдер түсірілгенмен, біздің кешегі Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлов, Мағжан Жұмабаев секілді зиялыларымызды қашан жарыққа шығарамыз деп жүргенде, ұлт ұстазы туралы фильмге түсуге маған ұсыныс жасады. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қазақстан» ұлттық арнасы «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты Ахмет Байтұрсынұлов туралы тұңғыш сериал түсірді.

Өздеріңіз де көріп, тамашалаған шығарсындар, «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмі Тәуелсіздік мерекесі күндері көрермен назарына ұсынылды. Алты сериалдан тұратын телехикаяның режиссері – Мұрат Есжан деген өте талантты азамат. Фильмнің сценарийін Мұрат Есжан мен Ұларбек Нұрғалым жазған. Фильмнің көркемдік кеңесшісі – Ұшқын Сайдырахман. Жалпы, бұл жігіттер бұған дейін де «Абай» сериалын түсірген



еді. Ахаң туралы фильм – екінші ірі жобалары. Тарихи тұлға туралы фильм түсіру оңай емес. Сондықтан мұндай қадамға кез келген режиссер сақтықпен қарайды. Көбіне тарихи жобаларға сын көп айтылатыны жасырын емес, – деді актер.

Кездесуде Байғали Есенәлиев Ахмет Байтұрсынұлының байыпты мінезі, мықты ішкі тегеуріні, ауыр тағдыры, ұлтқа қызметі, атқарып кеткен жұмыстары туралы жан-жақты, әрі қызықты етіп әңгімеледі. Актер сөз арасында режиссер Мұрат Есжанның неге өзін тандағаны туралы да айтып өтті.

– Тарихи тұлғалар туралы фильм түсіргенде ең алдымен портреттік ұқсастық маңызды болуы керек. Әрине, одан соң тарихи кейіпкердің тілі мен үні өте қазақы болуы шарт. Оның үстіне ол кейіпкер ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы болса, таланттың екі есе күрделі екені белгілі ғой, – деген актер ағынан жарылды.

«Мен Ахмет атаға ұқсауға тырыстым. Өйткені, бұл біздің халқымыз қаншама жылдар бойы күткен Ахаң еді. Ахаңның рөлін сомдау үшін ұзақ дайындалдым, өмірде сабырлы, парасатты адамдардың қимылын, көзқарасын, олардың қалай күлетінін, қалай ашуланатынын, қалай қуанатынын, қалай ғашық болатынын зерттеуге тырыстым», – деді Байғали-Ахмет. Кездесу соңында мектеп-гимназия басшысы Ерік Нұрғұмарұлы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы білім шаңырағына арнайы келген актерге алғысын білдірді.

БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚША

«ӘКЕМ, АНАМ ЖӘНЕ МЕН»

Балалар
жылы
2022

Балалар жылы аясында Медеу ауданындағы №96 бөбекжай-балабақшада «Әкем, анам және мен, спортшымыз шетінен» атты спорттық сайыс өтті. Аталмыш спорттық іс-шараға «Ақ көгершін» ересектер тобының ата-аналары мен бүлдіршіндері қатысты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Спорттық жарыс Халықаралық балаларды қорғау күнімен тұспа-тұс келгендіктен, бұл күні балабақша ауласы шаттыққа толды. Мемлекеттік Әнұран орындалған соң «Көктер» мен «Жасылдар» атты екі командаға бөлінген қатысушылар жарыс көрігін қыздырды. Шапшандық пен ептілікті талап ететін спорттық додаға балақайлардың зор дайындықпен келгені байқалса, ата-аналар да белсенділік танытты.

«Көңілді шар», «Отбасылық эстафета», «Самокат», «Кенгуру», «Кім күшті?» атты жарыс түрінен озық өнер көрсеткен Бауыржан әулеті мен Назарбай әулеті жеңімпаз деп танылды.

– Біздің балабақша ұжымы бұл жарысқа зор дайындық жасады. Бүлдіршіндермен бірге ата-аналарымыз да белсенділік танытып жатыр. Қазірден бастап, спортты серік етсе, болашақта дені сау ұрпақ қалыптасары анық, – дейді бөбекжай-балабақша меңгерушісі Наталья Карасева.

#ТИК-ТОКҚАЗАҚСТАНДАҮЙРЕН

ҚР Президенті Жарлығымен 2022 жыл – Балалар жылы деп белгіленді. Яғни бүлдіршіндерге деген көңіл бөлек.



АЙТАРЫҢЫЗ БОЛСА, АЙТЫП ҚАЛЫҢЫЗ!

Tik-Tok бұрынғыдай құр ойын-сауық, ермек үшін емес, қосымша білім, рухани азық болар дүние ордасына айналып отыр

Динара
МУРАТ

Соңғы уақыттары балалар мен жасөспірімдер арасында танымал болған Tik-Tok-ты үлкендер жиі сынағанымен, одан балалардың қызығушылығы артпаса, кеміп жатқан жоқ. Заман қарқыны солай болып тұр, сол уақытқа сай өмір сүру керек сияқты. Қазір Tik-Tok бұрынғыдай құр ойын-сауық, ермек үшін емес, қосымша білім, рухани азық болар дүние ордасына айналып отыр. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Nazarbayev University-нің қолдауымен, сондай-ақ Tik-Tok-та танымал контент авторларының қатысуымен Қазақстанда #TikTokҚазақстандаҮйрен бастамасын іске қосып, дарынды контент авторлары түсіретін креативті танымдық бейнероликтер науқанын бастады.

«Tik-Tok-тың танымалдылығын және жаңа ақпараттық технологиялар мен ресурстардың адамдардың өзін-өзі дамытуындағы рөлінің өсуін ескере отырып, ҚР Білім және ғылым министрлігі #TikTokҚазақстандаҮйрен жобасына қолдау көрсету туралы шешім қабылдады. Бұл қолданушылардың ой-өрісін кеңейтіп, оларды жаңа білім, дағды алуға шабыттандырады. Сондай-ақ, барлық тілек білдірушілер өзін-өзі оқыту, жетілдіру туралы жаңа идеяларымен қысқа, қызықты түрде бөлісе алады. Авторлардан туындайтын контент танымдық және пайдалы болуы керек. Жақында министрлік Tik-Tok-та өзінің аккаунтын ашты. Біз

Биыл мектеп бітіруші түлектерге аттестат тапсыру салтанаты 16-17 маусымда өтеді. Алматы қаласында аттестатты міндетті түрде күндізгі уақытта мектеп қабырғасында тапсыру дәстүрі қалыптасқаны белгілі. Сондықтан оған мектептің педагогикалық ұжымы, түлектер, түлектердің ата-аналары, педагогикалық еңбек ардагерлері, Қам-қоршылық кеңес мүшелері, Білім басқармасының және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысады.

МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІНІҢ ӨЗ ЕРЕЖЕСІ БАР

Алматы мектептерінің әр жылдардағы түлектерінің қайырымдылық шараларын өткізіп отыруы да дәстүрге айналған. Биылғы жылы да «Мектепке кітап сыйла», «Мектепке сый» атты ағаш, гүл отырғызу, әлеуметтік осал отбасылар мен балаларға көмек көрсету үшін «Мейірімді жүректен – балаға», «Туған жерге тағзым» акциялары жалғасын табатын болады. Сонымен қатар, педагогикалық әдепті сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мектеп бітіру іс-шараларына дайындық кезінде әрбір түлекке жеке көзқарас қағидаты сақталады.

Барлық мектеп басшылары мектеп бітірушілердің ата-аналарымен қажетсіз шығындардың орынсыздығы туралы түсіндіру жұмыстарын бастап кетті. Алматы қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жұманов мектеп бітіру кешіне қойылып отырған қатаң тыйым аниматорларды, мерекелік агенттіктерді тартуға, мерекелік үстелдерді ұйымдастыруға, автомобильдерді жалға алып, қала бойынша экскурсия өткізуге, әкімшілік пен педагогтарға сыйлықтар үшін ақшалай қаржы жинауға, мейрамханалар мен кафелерде мектеп бітіру іс-шараларын ұйымдастыруға қатаң тыйым салынатыны туралы тағы да еске салды.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



МӘСЕЛЕ

Қазақтың әрбір өсиет-өнегесі ұрпақ тәрбиесіне негізделген. М.Әуезов те «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» деп текке айтпаған. Бұл ұғым уақыттың ағымымен өркендей түсті. Мән-мағынасы артты. Халқымыздың дүниетанымындағы тәрбие-тағылым, үлгі-өнегенің мән-мағынасы тереңде жатыр. Тіпті, сан мыңдаған жылдардан әрі асады. Осыған байланысты ой-пайым жасаған едік.



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҰМЫТ ҚАЛМАУЫ ТИІС



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

ТӘРБИЕ МЕН ІЛІМ ЕГІЗ ҰҒЫМ

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» депті ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз. Әлемнің екінші ұстазы айтқан осынау қастерлі сөз өз деңгейінен түскен жоқ. Тіпті, күні бүгінге дейін өзекті болып тұр. Сонау орта ғасырда айтып кеткен нақыл сөздерін бүгінгі ұрпақтары қолданып, кәдемізге жаратып жүрміз. Абай атамның өмірбаянын жазып, оны күллі ғаламға танытқан Мұхтар Омарханұлы Әуезов тәрбие тал бесіктен басталатынын дәлелдеп айтып кеткен. Сондағы мына бір шағын эпизодқа зер салайық. «Абай жолында» айтылғандай, Абай 13 жасар кезінде оқудан қайтып үйіне оралады. Міне, сол шақта анасына қарай бара жатқанда, шешесі Ұлжан алдымен әкесіне сәлемдесуді меңзейді. Сөйтіп, бала Абай әкесіне сәлемдескен екен. Қазақ әйелдерінің ұлылығы, тәрбиеге мығымдығы осы жерден, осындай көріністерден-ақ көрініп тұрған жоқ па? Меніңше, ұлттық тамырдан ажырамаған, ана сүтімен, ата күшімен келетін, біртіндеп сіңетін нағыз өнеге осы болса керек-ті.

Өлгіде біздер қысқаша ғана тоқталдық. Шынымен дендеп, оның арғы шетін қаузар болсаңыз, небір ғажайып оқиғаларға тап боласыз. Сонымен қатар, кеше ғана қалыптасып түсе салмаған халық екеніңізге көз жетінкірей түседі.

Өлемде өзінің тарихы мен шежіресіне барынша дендеп барып, ұлттық құндылықтарын зерттеу заңды құбылыс саналады. Бұл дегеніміз – өркендеу, өсу жолына қарай қадам басумен тең нәрсе. Халқымыз өзінің әр бала-сына сынай қараған. Мықты тәрбие берген. 6 жастан атқа қондырған. Әскери өнерге баулыған. Нағыз ер-азаматша өсуге бейімдеген. Мұнда негізгі екі әдіс-тәсіл қолданылған. Бірі физикалық әдіс. Онда садақ тарту, атқа жөндеп міну, тақым қысу, ширақ қимылдап, әскери өнерге жетік болу сынды қасиеттерді дарытқан.

Одан кейін, өздеріңіз білетін, ұлттық тәрбие. Мұнда моральдық құндылықтар көзделген. Үлкенге құрмет білдіру, кішіге ізет көрсету деген сияқты. Ешкімнің ала жібін



Қазір балалардың ойы, қабілеті басқа. Олар смартфондар мен гаджеттер арқылы тәрбиеленуде. Менің жеке пікірім, 40% өнегені ғаламтор беруде. Яғни ислами, діни, қазақи, батыстық тәлімді бүгінгі бүлдірішін интернеттен алуда. Бірақ тек интернеттен көріп жазғыра беруге болмас. Жаңа айтып кеткенімдей, мейлінше ұрпақ тәрбиесіне арнайы уақыт бөлгеніміз абзал. Өйткені, әркім өз баласының дарынды, үлгілі, озат жан болып қалыптасқанын қалайды. Бұрынғы кездері ауылдық жерлерде ата-әже институты деген болған. Ата-аналар дәл бүгінгідей шала бүлініп, балаларын балабақшаларға апарып әуресарсаңға түспейтін. Себебі, дайын тәрбие нәрін сіңдіруші атасы мен апасы тұрғанда, басқаның керекі болмаған. Осы күні сол кездерді өзім де аңсап, «шіркін-ай, бірауық сол қария кісілердің жандарына апарса ғой» деп ойланып қаламын.



аттамау, қайта қолыңнан келсе, жақсылық ету көзделген. Міне-кей, осыншама ізгі дүниені бойына құйып өскен бала қалайша өнегелі болып өспесін.

Әрине, кей-кейде қазақтың тағылымдық-тәрбиелік ойларын оқып, естіп, көріп жүргеннен соң өз халқымыздың құндылықтарына іштей разы боламыз.

Біздің даламызда мұсылманшылық IX-X ғасырларда кең қанат жайды. Сол кезеңдерде жергілікті халықтың пайым парасаты жаңа өрлеу дәуіріне көтерілді. Бұл дегеніміз – ұрпақтың ауысуына негіз болды. Бірақ жергілікті жұрт өздерінің дәстүрлі жолынан айныған жоқ. Дәл солай ары қарай жүре берді. Ғылымда әсер етуші фактор міндетті түрде өз әсерін береді дейді. Ал мұнда парадокс бар. Сондықтан көшпелілердің тегі, дәстүрі мықты болған.

НЕ ЕКСЕҢ – СОНЫ ОРАСЫҢ

Психология ілімінде ең ерекше көңіл бөлінетін саласы баланың жақсы дінге калыптасуы. Өйткені, жантану ғылымы – адамның ішкі әлеміне үңілу, шешілмейтін түйіннің шешімін табу болып табылады. Балақандардың тәрбиесі басты күн тәртібінен ысырылмау керек деп санаймын.

Бұл дегеніміз, бәрі XIX-XX ғасырда қалып, келмеске кетті дегенді білдірмейді. Қазақы нақышта тәрбиелей алатын үлкен кісілер де, жас ата-аналар да бар. Дегенмен, дәл бұрынғыдай болмасы анық.

Біздің балақандар қазір технологияның тілін әбден меңгерген. Оларды интернет, әлеуметтік желі тәрбиелеуде. Бұл тұрғыдан келгенде, өзіміз таңқаламыз. Менің жиенім небары 5 жаста. Бірақ смартфонды қолданғанда, әсіресе түрлі ойындар ойнағанда ересек-

терді таңдандырады. Бұл тек біздің үйдегі жағдай ғана емес. Айналамыздағы, жалпы қоғамдағы құбылыс осындай. Иә, қазіргі балалардың заманы мүлдем басқа.

Біздер жантану ғылымының саласында жүргеннен кейін алды-

мызға түрлі тағдырлы ата-ана келеді. Сөз басында айтқанымдай, көбіне қалалық жерде тұратындар басынасын айтады. Бәрінікі бір мәселеге тіреледі. Сол баяғы балаларының телефон, гаджет ойындарына құмарлығы. Арасында кейбіреулері тамақ ішуге әзер

шақыратын кез болатынын айтады. Мұның жолдарын, алдын алу қажеттігін жоғарыда біршама келтірдім. Тағы бір мәрте айта кетейін. Оның әдісі – бала тәрбиесіне көңіл бөлу. Басқа шығар, бұдан бұрылып басқа жаққа кетіп қалар жолы жоқ. Бірауық не жасап жатқанын, нендей дүние көріп жүргенін, қандай ойынға құмарлығын білсеңіз болғаны. Содан соң барып, өзіңіз-ақ аналитикалық талдау жасай аласыз. Ақырында байыпты, мардымды нәтижеге қол жеткізе бастайсыз. Байқап, бағамдар болсаңыз, бала тәрбиесі ертеңгі күнге дайындалған шамшырақ іспетті. Оны сіз бүгін дайындауға тырысыңыз. Сонда барлық толғандырыған ойлар өзі-ақ ретімен шешімін табады.

Сол себепті, үлкендер жағы өз балапандарымыздың болашағына бей-жай қарамайық.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Ұлдана БАЙЖАНОВА,
ұстаз:

ТӘРБИЕНІҢ ТАМЫРЫ – ОТБАСЫДА

Исламда бала тәрбиесі – ең үлкен, мәні зор жауапкершілікті іс. Бұған немқұрайлы қарамау қажет. Қазақ ертеңгі болашағын баласының тәрбиесімен ұштастырған. Бұл рас та. Өзіміз де бала өсіріп отырмыз. Мектепте де ұстаздық етудеміз. Бар ойымыз ақылды, ілімдар, пайым парасаты биік жастарды қалыптастыру. Сол қарақөздеріміздің аман-есен болғанын көздейміз. Олар да өз ұрпақтарына қазақы тағылымды сіңіре білсе, озғанымыз болар еді.

Әлгіде айтқанымдай, барлық өнегені өз балаларыма барынша сіңдіруге тырысудамын. Біз ауылда кішкентай кезімізде әке-шешемізден нендей дүниелерді үйрен-

сек, соны өз балаларыңа береді екенсіз. Соны жәймен, біртіндеп түсінудеміз. Өзің алдыңда қаншама балаға тәрбие беріп отырып, өз жанұяңда келеңсіздікке бой алдыруға әсте болмайды. Мұғалім үйдегі ата-анадан кейінгі нағыз тәрбиеші, бір жағы психолог, керек десеңіз оқушының жанашыр досы. Мінеки, көрдіңіз бе? Ондаған функцияны қатар атқарып келеміз. Бірақ шаршамау қажет. Қажыр-қайратты бойға жинап, өзімізден кейінгілерге үлгі-өнеге көрсететін жасқа жеттік. Біздің алдымыздағы аға буын үнемі айтып отырушы еді. Біздер таудан түсіп келе жатқан, былайша айтқанда, базардан қайтқан жандармыз деп. Сонысы шындық екен, қарағым.

Қазіргі жасөспірімдерге ең қажетті не нәрсе екендігін мен сізге айтайын. Ол әрине – сабырлық. Оның сыртында төзімділік. Осы асыл әрі ізгі қасиеттерді сіңіре білсек, озғанымыз сол болар еді.

ТҮЙІН:


Бұрын бала күнімізде өзімізден жасы үлкендердің киімін киіп өстік. Қандай тірлікке жұмса, сол айтқандарын орындадық. Еш қарсы уәж сөйлемедік. Ата-анамыз да ағаның айтқаны жөн, не десе де көн деген қағиданы ұстанатын. Біздер дәп солай ететінбіз. Осы кездері ойлап қарасак, үлкен тәлім алыптыз. Біріншіден, қанағат етіп үйренесіз. Екіншіден, төзімділіктің дәмін татасыз. Үшіншіден, үлкенді сыйлап үйренеді екенсіз. Былай қарасаңыз, ұрмайды, соқпайды, осындай әдістермен бізге тәлім мен тәрбие беріпті. Оларға мың рахмет. Өмірден алған, нақтылағанда жиған-терген тәжірибемді артымыздан ерген ұрпақтарымызға беруден шаршамаймыз.



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

ЖАҢА МАУСЫМ – ЖАҢА ЖЕҢІСТЕР

Жаздың басталуымен Қазақстан спортшылары үшін халықаралық жарыстардың жаңа маусымы басталды. Алдағы ай отандастарымыз үшін маусымаралық үзілістен кейін өздерін әлемдік аренада көрсетуге және Көк Туымызды көкте желбіретуге тамаша мүмкіндік болмақ. Назарларыңызға спортшыларымыздың маусым айындағы басты жарыстарының кестесін ұсынамыз.



Алматының «ADD» үстел теннисі орталығында жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатына Орталық Азия елдерінен іріктеу турнирі аяқталды. Оған Иран, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Қазақстан құрамалары қатысты. Жасөспірімдер арасында 100 пайыздық жеңіс нәтижесін көрсеткен Қазақстанның теннисші қыздары Азия чемпионатына жолдама алды. Жарыстың шешуші кезеңінде Өзбекстан құрамасымен кездескен отандық спортшылар тартысты жарыста 3:2 есебімен жеңіске жетті. Ерлер арасында қазақстандық теннисшілер екінші орынға ие болса да, Азия чемпионатының жолдамасынан құр қалған жоқ.

Австрияның Грац қаласында дзюдодан жастар Еуропа кубогы өз мәресіне жетті. Қазақстан жастар құрамасы екі алтын, екі күміс және екі қола медаль жеңіп алды. Атап айтқанда, Нұрқанат Серікбаев (60

кг) және Нұрсұлтан Зайзағалиев (66 кг) алтын алды. Ал Мерей Маханбетов (60 кг) пен Аида Тойшыбекова (78 кг) Еуропа Кубогының күміс жүлдесіне ие болса, Максим Мейрлан (81 келі) мен Есмигүл Кулова (63 келі) турнирдің қола жүлдегері атанды. Нәтижесінде Қазақстан жастар құрамасы Еуропа Кубогының жалпы командалық есебінде Жапониядан кейін екінші орынға тұрақтады.

Регбиден Қазақстанның әйелдер құрамасы әлемдік серияға іріктеу жарыстарына дайындық аясында «Amsterdam Sevens» және «Algarve Sevens» атты екі ірі жарысқа қатысуда. Регби-7 бойынша «Amsterdam Sevens» турниріне Қазақстанның ерлер құрамасы да қатысады. Атап айтқанда, Магомедрасул Магомедов, Оңласын Тұрсынбек, Александр Белашов, Ханәлі Мұстафаев, Әбдірахман Қажыбаев, Арманжан Васильов, Дамиржан Ниязов, Роман Щербак, Никита Иванов, Ярослав

Мусиятченко, Илияс Мамбаев, Дәулет Ақымбеков ел намысын қорғайды. Әлемдік турнир 8 маусым күні аяқталады.

Мылтықпен оқу атудан 27 мамырда басталған Бакудегі (Әзербайжан) Әлем Кубогында жерлестеріміз рейтингтік ұпайлар үшін 8 маусымға дейін күреседі. Әзірге құрама қоржынында екі жүлде бар. Алматылық спортшылар Усейнов Ислам жарыстың қола, Алтухова Арина күміс медаль жеңіп алды.

Су спорты түрлерінен әлем чемпионаты 17 маусым мен 3 шілде аралығында Венгрия астанасы Будапештте өтеді. Жүзуден әлемдік біріншілікте еліміздің намысын Әділбек Мусин, Александр Варакин, Айбек Қамзенов, Аделаида Пчелинцева, Ксения Игнатова қорғайтын болады. 25-26 маусымда Алматы қаласының орталық стадионында жеңіл атлетикадан «XXXI Qosanov Memorial» халықаралық турнирі өтеді.

ТЕННИС

ЖҰПТЫҚ ЖАРЫСТА ЖҮЛДЕ БАР

Қазақстандық теннисшілер Александр Недовесов пен Жібек Құламбаева халықаралық турнирлердің жүлдегері атанды.

Қазақстандық Александр Недовесов пен пәкістандық Айсам Куреши Ұлыбританиядағы Челленджердің шешуші кезеңіне шыққан. Оған дейін қазақстандық-пәкістандық жұп ширек финалда қарсыластары австралиялық Алексей Попырин мен американдық Брендон Накасимадан 6:3, 6:4 есебімен басым түссе, жартылай финалда Дивиж Шаран (Үндістан) және Артем Ситактың (Жаңа Зеландия) дуэтин жеңді. Алайда, Александр мен Айсам шешуші жарыста британдық спортшылар Джулиан Кэш пен Анри



Паттеннен айналасын асыра алмады. Нәтижесінде Александр Недовесов Челленджердің күміс жүлдесіне ие болды.

Жібек Құламбаева спорттық мансабында алғаш рет жұптық жарыстың финалына шыққан еді. Брешия қаласында ITF W60 санатындағы жарыстың ¼ финалында қазақстандық спортшы мен Диана

Марцинкевичтің (Латвия) жұбы ширек финалда Ю Чен Хсиэх (Қытай Тайпэй) мен Ксения Кноллы (Швейцария) тартысты жарыста жеңсе, келесі кезеңде Андреа Пришакария (Румыния) мен Камилла Розателлодан (Италия) басым түсті. Дегенмен, финалда италиялық қарсыластарын жеңе алмаған отандасымыз жарыс жүлдегері атанды.

ГИМНАСТИКА

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ МЕН ТАРИХИ ЖЕТІСТІК

Италияның Пезаро қаласында көркем гимнастикадан Әлем Кубогының кезеңі аяқталды. Топтық жарыстың финалында қазақстандық спортшылар алғаш рет өнер көрсетті.

Әлем Кубогының жеке сайыстарына Эльжан Танеева қатысты. Жеке біріншілікте спортшымыз шеңбермен және таспамен жаттығуларда жақсы өнер көрсетіп, жарыстың финалына шыққан. Шешуші кезеңде Эльжан шеңбермен жаттығу сегізінші болды және лентамен өнер көрсетуде бесінші нәтиже көрсетті.

Сондай-ақ, Қазақстан тарихында алғаш рет Әлем Кубогының финалында біздің команда топтық жаттығуларда өнер көрсетті. Біздің қыздар шеңбермен өнер көрсетуде алтыншы болса, «доп+лента» жаттығуларында сегізінші орынға жайғасты.

Айта кеткен жөн, қазақстандық гимнасттар үшін келесі жарыс Азия чемпионаты болмақ.



ФУТЗАЛ

Футзалдан алматылық «Қайрат» 19-шы рет Қазақстан чемпионы атанды.

ҚАЙРАТ – ЧЕМПИОН!

Финалдық серияда алматылықтар Рудныйдың «Аяты» командасымен кездесіп, оны 3:0 есебімен жеңді. Алматыдағы алғашқы екі ойында «Қайрат» алдымен 4:2 есебімен жеңіске жетсе, келесі кездесуде 7:2 есебімен жеңді.

Рудныйда өткен үшінші ойында да 4:2 есебімен «Қайрат» басым түсті. Бірінші таймда алматылық ойыншылардан Дәурен Тұрсағұлов пен Альберт Ақбалықов гол соқса, алаң иелерінен Леандриньо көзге түсті. Кездесудің екінші жартысында Ержан Оразов пен Карлос Сайнс «Қайрат» үстемдігін үдетті. Ойынның соңғы добын «Аят» ойыншысы Даниил Карпюк соқты.

Нәтижесінде чемпионатты 77 ұпаймен аяқтаған алматылық «Қайрат» чемпиондықты жеңіп алды. 67 ұпай жинаған рудныйлық «Аят» екінші орынға жайғасты. Екі команда да футболдан Чемпиондар Лигасына жолдама алды.

Айта кеткен жөн, «Қайрат» 2002/2003 маусымынан бастап жыл сайын чемпион болып келеді. Алматылықтардан бөлек футболдан Қазақстан чемпионатын үш команда жеңе алған: «Алиби» (1999/2000, 2000/2001, 2001/2002), «Аят» (1998/1999) және «Жігіттер» (2002/2003).

Қазіргі уақытта Қазақстанда маусым әлі аяқталған жоқ – «Атырау «мен» Каспий» қола үшін күресті жалғастыруда. Үш матчтан кейін сериядағы есеп атыраулықтардың пайдасына – 2:1.



АБЫРОЙ

Отандық төрешілер әлемдік жарыстарда төрешілік етеді. Таяуда алматылық төреші халықаралық дәрежеге ие болды.

ҚАЗАҚСТАН ТӨРЕШІЛЕРІНЕ СҰРАНЫС БАР

Қазақстандық төрешілер Латвия мен Израиль құрамалары арасындағы жастар арасындағы Еуропа–2023 чемпионатының іріктеу кезеңінің ойынына тағайындалды. Орал қаласының тумасы Болат Сариев кездесудің бас төрешісі болады. Ал алматылық Сергей Васютин мен атыраулық Денис Лабашов ассистент қызметін атқарады. Резервтік төреші ретінде Данияр Сахи белгіленді. Матч Рига қаласындағы «Сконто» стадионында өтеді.

Айта кетсек, Әзербайжан астанасы Бакуде таэквондо бойынша төрешілер мен жаттықтырушыларға арналған семинар аяқталды, оған отандық мамандар да қатысты. Семинар қорытындысы бойынша қазақстандық үш төреші – Малика Жанаева (Алматы қ.), Айдана Рахимова (Атырау обл.), Асылбек Байқоңыров (Жамбыл обл.) халықаралық төрешілер атағына ие болды.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

ӘРБІР АДАМҒА ҚОЛЖЕТІМДІ СПОРТ

«Қолжетімді спорт» жобасы Алматыға келді. Өткен жылы Спорт істері жөніндегі комитеттің қолдауымен «Astana Art Group» ЖШС-ы елордада «Қолжетімді спорт» пилоттық жобасын жүзеге асырған. Жоба Қазақстанның әрбір тұрғынын спортпен шұғылдануға мүмкіндік беру мақсатында ұйымдастырылды.

Биыл жоба ауқымы кеңейіп, Қазақстанның 7 қаласын қамтыды, олар Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Петропавл, Талдықорған, Семей және Ақтау. 2022 жылдың сәуірінен қыркүйек айына дейін Қазақстанның 7 қаласында спорттың 5 түрі бойынша аптасына 2 рет оқу-жаттығу сабақтары жүргізіледі.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан кейін біз шетте қалмадық. Жолдауда Президентіміз бұқаралық спортты дамытуға ерекше назар аудару керек екенін атап өтті, – деді жоба ұйымдастырушылары.

Айта кеткен жөн, Алматыда демалыс күні «Қолжетімді спорт» жоба аясында Қазақстанда скандинавиялық жүрістің екінші фестивалі өткізілді. Спорттық мерекеге барлық ниет білдірушілер қатыса алды. Шара аясында барлық қатысушылар кәсіби спортшылармен бірге жаттығу жасап, арнайы жасалған әртүрлі көрсетілімдерді тамашалады.

Сондай-ақ, скандинавиялық жүрістен «SKILL RACE» атты жүлделі кәсіби жарыс пен «NORDIC FAN» аталған жалпы қала тұрғындарына арналған жарыс өткізілді. Аталмыш шараға өзге қала тұрғындары онлайн қатыса алды.

«Осы жобаны қолдап, Алматы қаласындағы саябақтар мен тыным бақтарында оқу-жаттығуларды өткізуге мүмкіндік бергені үшін, қызығушылық танытып қолдау білдіргені үшін Алматы қаласы әкімдігіне және Алматы қаласының спорт басқармасына алғысымызды білдіреміз» – деді шара ұйымдастырушыларының бірі Максим Проценко.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ «№4 Қалалық клиникалық аурухана» МКК бас дәрігерінің бос лауазымына байқаулық іріктеу

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ «№4 Қалалық клиникалық аурухана» МКК бақылау кеңесі (бұдан әрі – Бақылау кеңесі), Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Папанин көшесі, 220-үй, анықтама телефоны: 8 (727) 300-36-01 электрондық пошта: gkb4almaty@mail.ru, Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ «№4 Қалалық клиникалық аурухана» МКК «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы ҚР ДСМ-№305/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес және денсаулық сақтау саласындағы Бақылау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе алқалы атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына байқау өткізу қағидаларында көзделген тәртіппен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы ҚР ДСМ-№58/2020 бұйрығымен бекітілген, бас дәрігердің бос лауазымына орналасуға байқау жариялайды.

Байқауды өткізу күні:

1. Құжаттарды қабылдаудың басталу күні: 7.06.2022 ж., сағат 9.00-ден бастап.
2. Құжаттарды қабылдаудың соңғы мерзімі: 22.06.2022 ж., сағат 9.00-ге дейін.

– осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде кәсіпорынға құжаттарды ұсыну;

– бақылау кеңесі ұсынылған құжаттардың лауазымға, біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайды және құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдайды.

– бақылау кеңеспен әңгімелесу өткізу – кандидаттарды жіберу туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Байқауды өткізу орны: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Папанин көшесі, 220-үй.

Кәсіпорынның негізгі қызметі – медициналық қызмет.

Кәсіпорын басшысының негізгі лауазымдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №305/2020 ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген міндеттерге сәйкес.

Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар:

Байқауға қатысушы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №305/2020 ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген республикалық, облыстық, аудандық және қалалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) денсаулық сақтау саласында ақпараттандыруды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымы және (немесе) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналыс саласындағы Республикалық маңызы бар ұйым басшысына (бас директор, директор) қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Байқауға қатысуға ниет білдірген адам конкурсы өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №58/2020 ҚР ДСМ бұйрығымен көзделген құжаттарды ұсынады.

Байқауға қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарын кәсіпорынның кадр қызметіне қолма-қол тартып, пошта арқылы немесе электрондық пошта мекенжайына электронды түрде жібереді: ainur_smagulovna@mail.ru.

Құжаттардың түпнұсқасы әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей тапсырылуы тиіс. Егер олар ұсынымдас, адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2022 жылғы 24 маусымда, сағат 09.00-де Алматы қаласы., Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, кулондар, алқалар).

Лоттар саны – 773 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmbn.kz электрондық поштасы бойынша 2022 жылдың 23 маусымға дейін сағат 16.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«САРЫАҒАШ-БОТТЛЕРС» ЖШС БСН 970440000470 Жарғысының және мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің жоғалғаны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар 8 777 626 34 94 телефоны бойынша қабылданады.

«Компания «ЭКОПЭТ» ЖШС БСН 011140001025 Жарғысының және мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің жоғалғаны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар 8 777 626 34 94 телефоны бойынша қабылданады.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жарты жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 маусымына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға жартыжылдыққа жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі – 65503) – 3603,00 теңге. ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі – 95503) – 2643,00 теңге.

Тек жарты жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 29 шілдесінде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жөнімпаздардың есімі 2022 жылдың 4 тамыздағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

2022 жылғы 11 шілдеде, сағат 11.00-де Алматы қ., 7-көше, 130-үй мекенжайы бойынша орналасқан «АлЭС» АҚ 2-ЖЭО аумағында, химиялық цехтың акт залында (307-каб.) «АлЭС» АҚ А.Жақұтов атындағы 2-ЖЭО құл-қожды шығарудың аралас жүйесінің Техника-экономикалық негіздемесінің «Ықтимал әсерлері туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда ғана жүргізіледі. Тіркеу талқылау басталғанға 60 минут қалғанда басталады. Карантинді ұзартқан жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн-режимінде өткізіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтемеге өту керек <https://us05web.zoom.us/j/5605704660?pwd=VnZLZ3N6QVp0d1lSWXNwZ05GNj1ldz09>

Конференция сәйкестендіргіші: 560 570 4660

Кіру коды: 7KLer7

Жобаға тапсырыс беруші: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя е-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Жобаны әзірлеуші: «Асанов Даулет Асанович» ЖК, заңды мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Қарбышев к-сі, 40, 163-пәтер, БСН 870512301041, байланыстағы тұлға: Асанов Даулет, е-mail: Даулет Асанов assanovd87@mail.ru, 8 777 148 53 39.

Жергілікті атқарушы орган – «Алматы қ., Жасыл Экономика басқармасы» ММ, тел. 8 (7232) 25-72-06.

Жоба бойынша құжаттама БЭП <https://ecoportal.kz/> және ЖАО сайтына <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/contacts?lang=ruu.Prirp@almaty.gov.kz> «Қоғамдық тыңдаулар» бөліміне орналастырылды.

Қағаз түріндегі жоба материалдарымен танысуға болатын мекенжай: Алматы қ., Достық даңғылы, 7, электрондық поштасы: e-mail: zarzyukova@ales.kz.

Ақпарат алуға және құжаттар көшірмесімен танысуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары келесі мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Республика алаңы, 4, «Алматы қ., Жасыл экономика басқармасы» ММ, тел.: 8 (727) 262-16-13, электрондық мекенжайы: uprpr@mail.ru.

«Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) Басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарында байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстың келесі ұйымдарда өткізілуін хабарлайды:

№ п/с	Медициналық ұйымдар атауы
1.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№30 Қалалық емханасы» КМК
2.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№20 Қалалық емханасы» КМК
3.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№15 Қалалық емхана» МКК
4.	Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасы» КМК

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттары конкурсы өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша қабылданады:

1. Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№30 Қалалық емханасы» КМК – 050000, Алматы қ., Алматы ауд., Жібек жолы, 128/23, қабылдау бөлмесі, тел.: 8 (727) 278-05-04, қосымша ақпаратты www.almatypol30.kz веб-сайтынан табуға болады.
2. Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№20 Қалалық емханасы» КМК – 050049, Алматы қ., Түркісіб ауд., «Жұлдыз-1» ы.а., 5 В үй, қабылдау бөлмесі, тел.: 8 (727) 333-14-46, қосымша ақпаратты www.gp20almaty.kz веб-сайтынан табуға болады.
3. Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№15 Қалалық емхана» МКК – 050063, Алматы қ., Әуезов ауд., «Достық» ы.а., Жайдарман көшесі, 17-үй, қабылдау бөлмесі, тел.: 8 (727) 254-99-42, қосымша ақпаратты www.gp15.kz веб-сайтынан табуға болады.
4. Алматы қ. ҚДБ ШЖҚ «№2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасы» КМК – 050062, Алматы қ., Әуезов ауд., 2-шағын ауд., 54-үй, қабылдау бөлмесі, тел.: 8 (727) 341-03-05, қосымша ақпаратты www.dgkb2.kz веб-сайтынан табуға болады.

Алматы қаласы Алматы ауданының №2 аудандық сотына Алматы қ., Түркебаев көшесі, 24-үй, 19-пәтер мекенжайында тұратын Жұмаділова Татьяна Валентиновнадан Жетісу ауданы, Радионов көшесі, 1-үй, 2-пәтерде тұрған Жұмаділов Эдуард Раухатовичті (23.05.1987 жылы туған) хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы өтініш келіп түсті. Э.Р.Жұмаділовті көрген-білген немесе жүрген-тұрған жері туралы мәліметтер білетіндер болса, Алматы ауданының №2 аудандық сотына мына мекенжайға: инд. 050005, Алматы қаласы, Төле би көшесі, №267, судья Ж.А.Асқаровқа (осы мәтін жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде) хабарлауды сұраймыз.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРКЕЛЕРІ

Биылғы Балалар жылының ерекше мазмұнын өтуіне қаламыздағы барлық мектепке дейінгі мекемелер белсенділікпен үлестерін қосып жатыр. Алатау ауданына қарасты Айнуір Батырбекқызы басшылық етіп отырған №37 бөбекжай-балабақша қызметкерлері мен бүлдіршіндері де осынау елеулі оқиғаның бел ортасынан табылып, «Балаларды қорғау күнін» атап өтті. Сонымен қатар, Балалар жылына арнап аудандық семинар өткізді. Еліміздің бейбіт өмірі мен тыныс-тіршілігін ән мен жырға арқау еткен семинар жұмысы ерекше мазмұнды өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Балалар жылы аясында өткен «ALMATU BALAFEST» фестивалі талай талантты баланы танытты. Аталмыш балабақшаның бүлдіршіндері де байқауға ұйымшылдықпен қатысып, өнерлерін ортаға салды. Мәселен, «Бояулар құпиясы» байқауына қатысып, жеңімпаз атанған кішкентай қылқалам шебері Сейітжан Қасымхан періште көңілінен туындаған тұнық өнері арқылы ашық аспан мен бейбіт өмірдің келбетін көркем етіп бейнелеген. Семинарда тәрбиеші Гүлфарида Жақсыбайқызы бүлдіршіннің салған «Алматым – әсем қалам» атты көркем туындысын көпшіліктің назарына ұсынды. Қазір байқасаңыз, қоқыс қалдығынан көп нәрсе жоқ екен. Сол керексіз қоқыстың өзін пайдаға асыру-



ға болатынын «Қолөнер» сабағында тәрбиеші Әйгерім Ілсханқызы шәкіртімен екеуі көпшіліктің көзін жеткізді. Шебер қолдан шыққан қуыршақтар өте әдемі. Әрі осындай жүзі жылы, мейірімді қуыршақтар баланың жанын кішіпейілдікке баулыры анық. Сонымен қатар, мұндай ойыншықтар ең алдымен адам ағзасына зиянсыздығымен де ерекшеленеді. Жалпы, қаламызда №37 балабақша ұжымы «Қақпақтар қалашығы» жобасымен оқу-қызметін жүзеге асырып отырған бірден-бір мекеме. Қақпақтардан жасалған дүниелердің барлығы да балалардың таным дүниесін кеңейтіп, олардың қиялына қанат бітіреді. Келесі кезекте пластикалық бөтелкелерден жасалған жиназдардың көрсетілімін жасаған Айгүл Гастелқызының бүлдіршіндері де көпшілікті таңқалдырды. Ал Надира Әбіманатқызы топтағы өнерлі балақайлармен бірге балалар фестивалінің эмблемасын әп-сәтте жасап шықты. Ұжымның балабақшаның әрбір тобындағы бөтелке қақпақтарынан өріп жасаған кілемшелері де көпшіліктің көңілінен шықты. Өздерінің атқарып жатқан қыруар жұмыстарымен таныстырып болған соң, бүлдіршіндер өз өнерлерін ортаға салды. Бейбітшілік өмірді әнге қосқан бүлдіршіндердің періште көңілдерінен шыққан тап-таза тілектерін тебіренбей тыңдамау мүмкін емес. Кішкентай әнші Жұмабай Қайсар «Ақ сиса», Сайлаубек Мәдина «Мен қазақтың қызымын», Тұрсын Айбике «Көңілді би», Айсұлтан Кенжеев «Бақытты балалық шақ» әндерін нәшіне келтіре орындады. Осынау қуанышқа толы сәтте бөбекжай-балабақшаның меңгерушісі Айнуір Батырбекқызы барша ұжым мен бүлдіршіндерді құттықтап, бірлескен жұмыстың қашан да нәтижелі екеніне жоғары баға берді.

ЖЕР-ЖАҒАН

ТОП-МОДЕЛЬ ЖЕТІМДЕР ҮЙІНДЕ ӨСКЕН

11 жастағы Зоя Кукушкина балалар үйінде өскен. Анасы перзентханада бала үстінде қайтыс болған. Сөйтіп, тумай жатып жетім қалған Зояны әжесі жалғыз өсіре алмаймын деп, балалар үйіне еріксіз өткізген көрінеді.

Зоя 3 жасқа толғанда жетімдер үйіндегі «Бір өмірді өзгертуге атсалыс» («Измени одну жизнь») деген жобаның кейіпкері болып, бала асырап алуға ниетті ата-аналарға арналған видеожазбаға түседі. Көзі мөлдіреген, экранға қарап кішкентай қолын бұлғап тұрған сүп-сүйкімді бүлдіршінді видеодан бір көргеннен ұнатқан болашақ ата-анасы жүрегін қолына ұстай балалар үйіне ұшып жетеді.

Иә, Денис пен Татьяна Кукушкиндерді Зояның дімкәс денсаулығы да алаңдатқан жоқ, асырап алуға бірден шешім қабылдаған. Сөйтіп, Зоя мейірімді отбасын тапты. Кішкентай күнінде «өскенде кім боласың?» деген

сауалға «пошташы боламын» деп жауап беретін. Қазір ол арманы өзгерген секілді, Зоя – бүкіл Еуропа подиумдарында жарқырап жүрген табысты топ-модель. Оған балалар киімдерін жарнамалауға қолқа салатын сән индустриясының майталмандары өте көп. Тіпті, бүгінде Зояның эскизі бойынша тігілген балаларға арналған киімдердің үш топтамасы бар. Танымал сұлу жасөспірім түскен табысының басым көпшілігін жетімдер үйіндегі балалардың видеоанкета түсіруіне жөнелтіп



отырады. Зояның көмегімен бүгінге дейін 250-ден астам видеоанкета түсіріліп, 40-қа жуық балақайды балалы болғысы келетін ерлі-зайыптылар асырап алған көрінеді.

КІШКЕНТАЙ ПЕРІШТЕ

10 жастағы қызды халқы осылай атап кеткен. Оның әкесі 49-дағы Тянь Хайчэн 2016 жылы таксимен келе жатып, көлік апатына ұшырап, денесі белінен төмен жансызданып қалған. Жүре алмайды.



Әйелі сол оқиғадан кейін екі ай өткенде «төркіміме барып келемін» деп, бірінші некеден туған ұлын ертіп кеткеннен оралмаған. Тянь да, 4 жастағы қызы Цзя Цзя да күтті. Бірақ келмеді. Содан бері төсекке таңылған әкеге сол шынашақтай қыз қарайласып келеді. Күнде таңертең ұйқыдан таңғы сағат 6-да тұрып, дәрігердің тағайындауы бойынша әуелі әкесінің аяғына массаж жасайды, сосын су жылытып, беті-қолын жуып, тісін ысуға көмектеседі. Тіпті, сақалын да қырып береді. Ең алғаш станокты қолына ұстағанда әкесінің бетін абайсызда тіліп алып, қан аққаны бар. Сонда әкесі «қызым, дым да ауырмады» деп жауап берген екен. Цзя Цзя сабағына кеткен кезде әкесіне атасы мен әжесі қарайды. Сабақтан келе салып әкесіне түскі асын ішуге көмектеседі. Үйдің ішін ретке келтіреді. Кішкентай қызға бәрінен де әкесін

төсектен қозғалту, екінші қырына қарай аудару қиынға соғады екен. Көп ұзамай бұл мәселе де шешімін табады. Фермер атасы мен әжесі дүкеннен аспалы темір құрылғы сатып әкеледі. Қызы төсекте жатқан әкесінің беліне арнайы белдікте туралап байлайды да, соған сүйенген әкесінің қоларбасына отыруына жағдай жасайды. Сосын арбасына отырған әкесіндегі белдікті асқан ұқыптылықпен шешіп алады.

Цзя Цзя журналистерге берген сұхбатында «Мен әкем үшін істейтін жұмыстарымнан ешқашан шаршамаймын» деп жауап берген екен.

Оларға кәрі ата-әжесі көмектесіп тұрғанымен, ем-домға қаражат жетпей жатады. Сондықтан жарымжан әке жергілікті әлеуметтік желіден аккаунт ашып, қызы екеуінің өмірі қызықтырған жандар үшін тікелей эфир жүргізуді бастап, «кім қанша бере алады, соған ризамын» деген үндеу тастайды. Лезде көп қаржы жиналады. Бүкіл Қытай жұртын жылатақан бұл оқиғаның басты кейіпкері – кішкентай періштеге бәрі амандық, бақыт тілеумен келеді.

44 БАЛА ТУҒАН ЖАС АНА

Марианна Набатанзи есімді әйел (Шығыс Африка тұрғыны) 15 рет босанған, бірақ баласының саны 36 жасында-ақ 44-ке жетті. Бұл қалай дерсіз. Ол алғаш рет егіз туады. Одан кейінгі өмірге келген балалары да егіз болады. Сосын тағы егіз.



Одан кейін төртөм дүниеге келген. Одан соң үшем, төртөм, үшем, тағы төртөм, солай жалғаса берген. Тек 44-ші баласы ғана жалқы болып туған.

Марианнаның тағдыры өте ауыр болғанға ұқсайды. Шешесі оны туғанына 3 күн болғанда-ақ тастап кеткен екен. Әкесі алты баланы бір өзі бағады. 12 жасында өгей шешесімен шығыса алмай, әжесінің қолына келеді.

Бірде үйге әкесі келіп, әжесі екеуі қатты ұрсысады. Кішкентай Марианна себебін түсінбейді. Кейін білгеніндей, әкесі оны жөргегінде-ақ ақшасы бар шалға «қалың малын» беріп сатып қой-

ған екен. Сосын әлгі қарияның әкесіне бір сиыр, бір ешкі жетектеп әкелгені, сосын ақша бергені есінде. Сөйтіп, Марианна небары 12 жасында құрсақ көтеріп, 13-інде бөпелі болады.

«Мен отбасымда мейірімге шөлдеп өскен баламын, тұрмыста да ешқашан сүйікті болған емеспін, – дейді әңгімесінде. – Жасы үлкен күйеуім қол көтеретін, жұдырықтан көз ашпадым. Үйге балалардың көзінше көңілдісін әкелетінді шығарды. Үшінші мәрте егіз босанғандым, бұлай жалғаса беру жарамас деп, дәрігерге қаралдым. Олар менде жұмыртқа клеткаларының шек-

тен тыс көп екенін, бала тумасам, қатерлі ісік дертіне шалдығуым мүмкін екенін айтты. Жүктіліктен сақтандыратын дәрі-дәрмектер де қабылдадым, бірақ олар ағзама кері әсер етті. Содан амалсыз, Құдайдың берген балаларын өмірге әкеле бердім».

Күндердің күнінде 21 жыл отасқан күйеуі бала-шағасының у-шуын көтере алмай, әйелді балаларымен тастап, үйден кетіп қалады. «Менің отбасылық өмірімде балаларымнан басқа ешбір қуанышты сәттерім болған емес. Енді тек осылар үшін өмір сүріп жатырмын. Өзім мектеп бетін көрген емеспін, әкем оқуға бермеді кезінде, сауатым жоқ. Тым болмаса көзге көрінген осы балаларымның оқу оқып, білімді, көзі ашық болғанын қалаймын», – деген әйел осынша баласын жеткізу үшін қолынан келетін қара жұмыстың бәрін істеп жүрген көрінеді.

Үйде балалардың бәріне бірдей ұйықтайтын төсек жетпейді, кішіректері ғана кереуетте екі-екіден ұйықтайды. Ал ұлдар тас еденде бір көрпе төсеп жата береді. 44 баланың 16-сы қыз бала.

«Өзім мұсылман дінін ұстанамын, бірақ амалымның жоқтығынан самағон қайнатып сатамын. Қыстақтағы адамдардың кір-қоңын жуып беріп ақша табамын. Дәрілік шөптер жинап сатамын. Рас, балаларымның оқуының ақшасын уақытылы төлеп тұра алмаймын, қарызға оқып жатыр. Өткен айлардың қарызын бүгін жапқаныммен, бүгінгі қарызы тағы жамала береді. Бірақ қуш-қайратым барда мұқалмаймын. Ертең осы балаларым өзіме қорған, қамқор болады деп сенемін», – дейді қайратты әйел.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.